**Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2000 жылғы 24 ақпандағы Вена қаласына (Австрия Республикасы) сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Рреспубликасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 14 маусым N 890

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2000 жылғы 24 ақпандағы Вена қаласына (Австрия Республикасы) сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2000 жылғы 24 ақпандағы Вена қаласына (Австрия Республикасы) сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары ( бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдары (келісім бойынша) белгіленген тәртіппен Жоспарда көзделген іс-шараларды орындауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі кемінде тоқсанына бір рет Жоспарды іске асырудың барысы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 14 маусымдағы
N 890 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың
2000 жылғы 24 ақпандағы Вена қаласына (Австрия Республикасы) сапары
барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі
іс-шаралардың жоспары

--------------------------------------------------------------------------

Р/с! Іс-шара ! Орындалу ! Жауапты орындаушы

| N | | мерзімі | |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | "Үкіметтік емес сектордың Қазақстанда демократиялық процестердің дамуының индикаторы ретінде қалыптасуы" тақырыбына үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерімен "дөңгелек үстел" ұйымдастыру және өткізу | 2000 жылдың II жарты. жылдығы | Сыртқы істер министрлі. гі, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |
| 2 | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Австрия Республикасы Үкіметінің арасындағы Білім және ғылым саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің жобасын қол қоюға дайындау | 2000 жылдың ішінде | Білім және ғылым министрлігі |
| 3 | ЕҚЫҰ-мен және БҰҰ-ның Есірткіге бақылау жасау және қылмыстың алдын алу жөніндегі басқармасымен бірлесіп Орталық Азияда терроризм мен есірткі транзитіне карсы күрес мәселелері жөнінде аймақтық конференция өткізу туралы мәселелерді пысықтау | 2000 жылдың ішінде | Сыртқы істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Ішкі істер министрлігі, Мемлекет. тік кіріс министрлігі, Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі агенттік |
| 4 | ЕҚЫҰ аясындағы Ортаазиялық Саммиттің мерзімдерін, өткізу орындарын және күн тәртібін келісу | 2000 жылдың I жартыжылдығы | Сыртқы істер министрлігі |
| 5 | Австриялық компаниялардың инвестициялық ұсыныстарын қарау және олардың меморандумдарына жауап дайындау | 2000 жылдың III тоқсаны | Инвестициялар жөнінде. гі агенттік, Сыртқы істер министрлігі, Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі |
| 6 | "Семей аймағында радиациялық | 2000 | Энергетика, индустрия |

жағдайларды зерттеу" жобасын іске жылдың және сауда министрлігі,
асырудағы Қазақстан Республикасының III тоқсаны Ұлттық ядролық орталық,
басымдықтары туралы ақпарат дайындау Сыртқы істер министр.
және МАГАТЭ-ге ұсыну лігі

7 БҰҰ-ның Индустриалдық даму жөніндегі 2000 Энергетика, индустрия
интеграциялық бағдарламасын жылдың және сауда министрлігі,
пысықтауды және іске асырылуының ішінде Инвестициялар жөнінде.
басталуын қамтамасыз ету гі агенттік, Сыртқы
істер министрлігі

8 Есірткінің заңсыз айналымы мен 2000 Нашақорлыққа және
ұйымдасқан қылмыскерлікті бақылау жылдың есірткі бизнесіне қарсы
жөніндегі "Шебер-жоспарды" ішінде күрес жөніндегі агент.
пысықтауды және іске асырылуының тік, Ішкі істер
басталуын қамтамасыз ету министрлігі, Энергети.
ка, индустрия және
сауда министрлігі,
Мемлекеттік кіріс
министрлігі, Сыртқы
істер министрлігі

9 Қазақстан Республикасының Үкіметі 2000 Экономика министрлігі,
мен Австрия Республикасы Үкіметінің жылдың Энергетика, индустрия
арасындағы экономикалық, ішінде және сауда министрлігі,
ауылшаруашылық, өнеркәсіптік, Инвестициялар жөніндегі
техникалық және технологиялық агенттік, Сыртқы істер
ынтымақтастық туралы; министрлігі, Ауыл
инвестицияларды көтермелеу және шаруашылығы министрлі.
өзара қорғау туралы; халықарлық гі, Ішкі істер министр.
автокөлік қатынастары туралы; лігі, Қаржы министрлі.
қосарланған салық салуды болдырмау гі, Көлік және коммуни.
туралы; салықтық заңнаманы экономикалық кациялар министрлігі,
бұзушылықпен күрес саласындағы Мемлекеттік кіріс
ынтымақтастық пен ақпарат алмасу министрлігі
туралы; Ұйымдасқан қылмысқа қарсы
күрес саласында ынтымақтастық туралы
меморандумның жобаларын келісуді
және оларға қол қоюды жеделдету

10 Екі елдің арасындағы тұрақты әуе 2000 Сыртқы істер
қатынастарын жаңғырту мәселесі жылдың министрлігі, Көлік
жөнінде екі жақты келіссөздер ішінде және коммуникациялар

| | | | |
|---|---|---|---|
| | жүргізу | | министрлігі |
| 11 | Австрия Республикасының Федералдық Президенті Т. Клестильдің Қазақстан Республикасына ресми сапарын ұйымдастыру жөніндегі жұмысты жалғастыру | 2000 жылдың ішінде | Сыртқы істер министрлігі |
| 12 | Австриялық бизнесшілердің сапарын дайындау | 2000 жылдың II тоқсаны | Сыртқы істер министрлігі, Инвестициялар жөніндегі агенттік |
| 13 | ЕҚЫҰ-ның қазіргі төрағасы, Австрия Республикасының сыртқы істер министрі Б. Ферреро-Вальднердің сапарын дайындау | 2000 жылдың II тоқсаны | Сыртқы істер министрлігі |

----------------------------------------------------------------------

Оқығандар:
Қасымбеков Б.А.
Орынбекова Д.Қ.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК